



23 ақпан күні «Күтқарушы» спорт кешенінде республиканың барлық өңірлерінен құрама команда қатысқан ерлер арасындағы (19 команда) XXV қысқы Чемпионаттың, әйелдер арасындағы (12 команда) III қысқы Чемпионаттың және жасөспірімдер арасындағы (12 команда) «Астана-2017» Казакстан Республикасының орт сөндіру-күтқару спорты бойынша II қысқы Чемпионаттың салтанатты ашылуы өтті.

Казакстанда орт сөндіру-күтқару спорты қарқынды дамып келеді. Құрамалар арасында ел ішінде де, шетелде де жарыстар жиі ұйымдастырылып тұрады.

Орт сөндіру-күтқару спорты (басқалай айтқанда қолданбалы орт) төзімділікті, ептілікті, қозғалыс үйлесімдігін дамытатыны бәріне мәлім. 2013 жылы әлемде тұңғыш рет әйелдер құрамасы құрылған болатын, бұл өз кезегінде аталмыш спорт түрінің танымалдығы өскендігін көрсетіп тұр.

Орт сөндіру-күтқару спорты – қолданбалы-қызметтік спорт түрі, ол дербес әрі топтық сынақтағы орт сөндіру тәжірибесінде қолданылатын түрлі тәсілдер кешенін орындаудан тұрады.

Еске сала кетейік, жарыстар 23 және 24 ақпан аралығында екі спорт түрі бойынша өтетін болады: саты арқылы 4-қабаттағы терезеге көтерілу (ерлер) және оқу-жаттығу мұнарасының 2-қабатына көтерілу (әйелдер), кедергілері бар 100 метрлік жолақты

бағындыру.

Чемпионаттын ашылуына Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильин, ҚР ІІМ ТЖК басшылығы, Астана қаласы әкімдігінің оқілдері, «Орт сөндірушілер мен құтқарушылар спорт федерациясы» КҮ басшылығы, Астана қаласы ТЖД басшылығы қатысты.

Орт сөндіру-құтқару спорты бойынша қысқы чемпионат жыл сайын өтетін жарыс, оған біздің елдің әртүрлі қалаларынан келген спортшылар қатысады. Оз қаласы мен облысы атынан қатысып жатқандықтан олардың әрқайсысы үздік нәтиже қорсетуге тырысады.

Алайда, жарыстар орт сөндірушілер-спортшылардың дағдыларын арттыру мен олардың арасынан үздігін таңдағаннан басқа оларды біріктіреді, әлемдік және барабар бәсекелестік рухына шақырады, салауатты өмір салтын ұстануға шақырады.

Сонымен қатар жарыстар өтпен күресушілер күнделікті құтқаратын қарапайым адамдарға олардың жұмыстарының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беріп, өздерін орт орын алған жағдайда қалай ұстау керектігін үйретеді.



